

Әдістемелік кеңес отырысының Х А Т Т А М А С Ы №1

Тақырыбы: Әдістемелік кеңес жоспары талқылау және бекіту

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Күні: 09.09.2022 жыл

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны:-

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары, жаңа оқу жылына дайындық:
 - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
 - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
 - портфолио жинақтау;
 - жеке бағдарламалар, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.
Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту
Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы
3. «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыптық бақылау қорытындысы
Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша бастапқы мониторинг
Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы.

І ТЫҢДАЛДЫ: Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- жеке бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы биылғы оқу жылында Білім беру ұйымдары өз қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады,- деп нормативтік құжаттарды атап өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:
- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтитынын, 2022-2023 оқу жылында топтарда өтетін вариативтік бағдарламаларға да тоқталды. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді. Іс-әрекеттер кіріктірілген түрде ойын арқылы өткізіледі. Бұрынғыдай уақытқа шектелген ұйымдастырылған оқу қызметі болмайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мектепалды даярлық тобы мен мамандарға ғана жасалынады. Биылғы оқу жылындағы өзгерістердің бірі барлық топтардағы сағат санын алып, тек мектепалды даярлық тобына 20 сағат қалдырды. Мектепалды даярлық тобындағы «Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері», «Өзін-өзі тану», барлық топтардағы «Орыс тілі» ұйымдастырылған оқу қызметтері қысқартылды. Оның орнына ортаңғы және ересек топтарына аптасына 1 сағат, мектепалды даярлық тобына аптасына 2 сағат «Қазақ тілі» қосылды. Сонымен бірге, бұрынғыдай бес білім беру саласы болмайды, енді мектепалды даярлық тобында дене шынықтыру, тілдік қарым-қатынас, тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет, танымдық, зерттеу әрекеттері, тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу, шығармашылық әрекет, бейнелеу іс-әрекеттері күнделікті іс-әрекет барысында өткізіледі. Басқа топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттер күнделікті іс-әрекет барысында кіріктірілген түрде өткізіледі.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

2022-2023 оқу жылында балабақшасында «Балапан» кіші тобы, «Балауса» ортаңғы, «Жұлдыз» ересек топтары жұмыс істейді. Бұл топтар балабақшасы бағыты бойынша «Ұлттық қазына», «Экологиялық соқпақ» шығармашылық жобалары бойынша жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылында жас мамандар жоқ, - деді.

II ТЫНДАЛДЫ: Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы оқу жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында әдістемелік тақырып тандау керектігі туралы айтты. Қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту педагогтар тарапынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан педагогтардың әрбір іс-әрекетті жаңаша түрде, дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін өту дағдыларын жетілдіруді талап етеді. Қазіргі заман талабына сай тәрбиеленушілерге жаңа технологияларды тиімді пайдалана отырып, білім мен тәрбие беруді ойластыру қажет. Сондықтан педагогтардың ізденіп, жаңаша жұмыс жасауларын қадағалап, бақылауға алу және оны әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарына енгізу қажет. Бөбекжай – әдістемелік жұмыстың орталығы, өйткені педагогтың қалыптасуы, маман ретінде толысуы, шеберлігінің жетілуі күнделікті педагогикалық іс –

әрекет үрдісінде ғана жүзеге асады. Әдістемелік бірлестік жұмысын жүйелі жоспар түрінде жүргізіп отырғанда ғана өз нәтижесіне жетері сөзсіз. Олай болса әр ісімізді сүйіспеншілікпен, қызыға атқаруға тырысайық,-деді.

III ТЫҢДАЛДЫ: Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша бастапқы даму мониторингі

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады. Оқу жылының басында тәрбиеленушілерден бастапқы диагностика алынды. Нәтижесінде төмен деңгейдегі балалардың үлесі-48,2%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі-47,4%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-4,4%-ды көрсетті.

IV ТЫҢДАЛДЫ: «2022-2023 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері» презентация.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскембайқызы сөз алды. 2022-2023 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Стандарт талаптарына сәйкес, білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын әзірлеу басшылыққа алынады. мектепке дейінгі ұйымдағы жас топтарының күн тәртібін әзірлеу; дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін

жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта; әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылады.

Білім беру бағдарламалары (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде әзірленеді және оларда:

- 1) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған міндеттерге қол жеткізу;
- 2) мектепке дейінгі ұйым таңдаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін мазмұн;
- 3) тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы және үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;
- 4) ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша күтілетін нәтиже;
- 5) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 6) тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қарастырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық

мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады.

Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар

24. Жас кезеңдері мынадай:

- 1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар) – 2 жастағы балалар;
- 2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

25. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

26. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл болып табылады,-деді.

Шешім:

1. Перспективалық жоспар, циклограмма талапқа сай уақытылы толтырылсын.

2. Әр педагог өз білімін көтеру тақырыбы аясында жан-жақты жұмыстарды жүргізуді жандандырсын.

3. оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруда нормативтік құжаттарды басшылыққа алу.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Хатшы:



Убайдуллаева Ж.М

Әріпбай Б.Ө

Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары

Биылғы 2022-2023 оқу жылында Білім беру ұйымдары өз қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады,- деп нормативтік құжаттарды атап өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
 - балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
 - тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
 - Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
 - баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.
- Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтитынын, 2022-2023 оқу жылында топтарда өтетін вариативтік бағдарламаларға да тоқталды. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді. Іс-әрекеттер кіріктірілген түрде ойын арқылы өткізіледі. Бұрынғыдай уақытқа шектелген ұйымдастырылған оқу қызметі болмайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мектепалды даярлық тобы мен мамандарға ғана жасалынады. Биылғы оқу жылындағы өзгерістердің бірі барлық топтардағы сағат санын алып, тек мектепалды даярлық тобына 20 сағат қалдырды. Мектепалды даярлық тобындағы «Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері», «Өзін-өзі тану», барлық топтардағы «Орыс тілі» ұйымдастырылған оқу қызметтері қысқартылды. Оның орнына ортаңғы және ересек топтарына аптасына 1 сағат, мектепалды даярлық тобына аптасына 2 сағат «Қазақ тілі» қосылды. Сонымен бірге, мектепалды даярлық тобында дене шынықтыру, тілдік қарым-қатынас, тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет, танымдық, зерттеу әрекеттері, тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу, шығармашылық әрекет, бейнелеу іс-әрекеттері күнделікті іс-әрекет барысында өткізіледі.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірексөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және

оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі.

«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері «Қоршаған ортамен таныстыру» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды,

яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;

- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;

- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;

- баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады (4-қосымша). Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

2022-2023 оқу жылында бөбекжайда «Балбөбек» ерте жас тобы, «Еркетай» кіші тобы, «Қарлығаш» ортаңғы, «Ақбота» ересек және «Қазына» мектепалды даярлық топтары жұмыс істейді. Бұл топтар бөбекжайдың бағыты бойынша «Ұлттық қазына», «Экологиялық соқпақ» шығармашылық жобалары бойынша жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылында жас мамандар жоқ.

Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту

Қазіргі уақытта қоғам талабына сай шебер ұстаз болу, заман талабы болып тұрғаны анық. Ал шебер ұстаз дегеніміз кім? деген сұраққа жауап іздейтін болсақ Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында «Жаңа формация мұғалімі—кәсіби дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан, жаңалыққа құмар, рухани дүниесі бай, шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға» деп көрсетілген, яғни ізгілігі мол әр іске жаңашылдықпен, үлкен ізденіспен зерттеуші ретінде қарайтын ақпараттық технологияны толық меңгерген, коммуникативтік, бір сөзбен айтқанда толыққанды құзырлы адам. XXІ ғасыр педагогы қандай болу керек? деген проблеманы шешу үшін оқу-тәрбие үрдісін интерактивтік тәсілдермен ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әдістемелік бірлестіктердің жұмыс формаларын өзгерту қажет. Ол үшін әр бірлестік мұғалімінің моделі құрылуы керек.

Әдістемелік бірлестік — бұл педагогтардың кәсіби біліктілігін шыңдаудың кеңінен таралған формасы. Әдістемелік бірлестік жұмысы әрбір педагогтың бөбекжайдағы оқу бағдарламаларының мазмұнын, идеяларын және негізгі талаптарын шығармашылықпен игеруіне бағытталған.

Әдістемелік бірлестіктің негізгі нысаналарының бірі — педагогтардың тиімді, белсенді оқу және тәрбие құралдарының әдістері мен тәсілдерін және сабақтың нақты міндеттеріне, оқу материалының мазмұнына және іс-әрекет шарттарына байланысты меңгеруі. Соңғы жылдары біздің бөбекжайда қалыптасқан әдістемелік жұмыстың формалары да санаулы бола түсті: әдістемелік бірлестіктер, ҰОҚ-н жетілдіру жөніндегі пәндік семинарлар, тәлімгерлік, әдістемелік апталықтар. Аталған формадағы әдістемелік жұмыстар жүйелі жоспарланған кезде ғана өзмақсатына жетері сөзсіз. Бүгін педагог кадрлармен жүргізілетін бөбекжайдағы әдістемелік бірлестік жоспарын бекітпестеналдын, әдістемелік бірлестіктің іс-әрекетін жоспарлау мен ұйымдастыру түрлеріне тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз. «Білім беру ұйымының нормативтік құжаттар» бөлімі берілген үлгілері бойынша бөбекжайдағы әдістемелік бірлестіктер жұмысының нормативтік базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді және онда мынадай құжаттар бар:

1. Өткен оқу жылына сараптама.
2. Әдістемелік кеңестің және әдістемелік бірлестіктің негізгі бағыттар бойынша мақсат-міндеттері.
3. Кадрларға сипаттама.
 - а) бірлестік құрамындағы педагогтар туралы толық мәлімет;
 - ә) бірлестік құрамындағы педагогтардың өзекті мәселесі, қолданылатын технологиялары;
 - б) педагогтардың білім жетілдіру курстарынан өту кестесі;
 - в) аттестациядан өтетін педагогтардың туралы мәлімет;
 - г) бірлестік педагогтардың әдістемелік тақырыптары.
4. Әдістемелік бірлестік отырысының жоспары
5. Әдістемелік бірлестік отырыстарының хаттамалары
6. Ашық есік күні
7. Мерекелік іс-шараларының кестесі
8. Педагогтардың бөбекжайішілік және аудандық, облыстық, республикалық іс-шараларға қатысуы
9. Өткен оқу жылындағы педагогтардың бөбекжайішілік іс-шараларға қатысуы және жетістіктері
10. Жас педагогтармен жүргізілетін жұмыс жоспары.

Әдістемелік бірлестіктің негізгі міндеттері мен бағыттары:

- тәрбиеленушілердің ақыл-ой, мәдени, адамгершілік мұқтаждықтарын қанағаттандыру;
 - эксперимент жұмыстарын жоғары кәсіби деңгейде дайындау және өткізу;
 - Әр түрлі ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен іс-шараларды өткізу әдістемесін жетілдіру мен оларды оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
 - Педагогтардың кәсіби педагогикалық біліктілігін көтеру;
 - Педагогикалық эксперименттер жүргізу;
 - бөбекжай түлектерінің мектепке дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
- Әдістемелік бірлестік отырыстары тоқсанына кем дегенде бір рет өткізіледі. Өтетін орны мен уақыты бөбекжай әкімшілігіне алдын ала хабарлануы тиіс. Қаралған әр мәселе бойынша жазбаша нұсқаулар жасалып, орындалу барысы қадағаланады.

Әдістемелік бірлестіктің негізгі жұмыс формалары:

- Эксперименттер, байқаулар жүргізу;
 - Дөңгелек үстелдер, семинар-конференциялар дайындау;
 - Шығармашылық және тәжірибелік есептер өткізу;
 - Әдістемелік бірлестігі отырыстарын өткізу;
 - Ашық есік күндері мен топтан тыс шаралар өткізу;
 - Лекция, баяндамалар, пікірталастар өткізу;
 - Озат тәжірибе мен қажетті құжатты зерттеу, жүзеге асыру;
 - Өзара тәжірибе алмасу;
 - ҰОҚ мен мерекелік шараларды өткізу сапасын қадағалау;
 - тәрбиеленушілердің білім-білік, дағдыларын тексеруге қатысу.
- Әдістемелік бірлестіктің негізгі іс-әрекет бағыттары:

- Пәндер бойынша оқыту нәтижелерін талдау;
 - Оқу бағдарламаларының өзгермелі бөлігін дайындауға, оқу мазмұны мен қойылатын талаптарға өзгерістер енгізуге қатысу;
 - Пәндер бойынша жинақталған, кіріктірілген оқу бағдарламаларын дайындау;
 - Пәндер бойынша оқу-әдістемелік құралдар, үлестірме материалдар жасау, талқылау;
 - Жаңа ақпараттық және оқыту технологияларын іздеу, бөбекжай практикасына ендіру бағыттарындағы эксперименттерді ұйымдастыру;
 - Көрнекі құралдар жасау мен жетілдіру, оқу-лабораториялық базаны нығайту жұмыстарын жүргізу;
 - Жас мамандарға тәлімгерлік жасау, арнаулы оқулар ұйымдастыру, курстарға жіберу жұмыстарына қатысу;
 - Байқаулар мен олимпиадалар өткізу туралы ережелер жасауға қатысу.
- Қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту педагогтар тарапынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан педагогтардың әрбір іс-әрекетті жаңаша түрде, дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін өту дағдыларын жетілдіруді талап етеді. Қазіргі заман талабына сай тәрбиеленушілерге жаңа технологияларды тиімді пайдалана отырып, білім мен тәрбие беруді ойластыру қажет. Сондықтан педагогтардың ізденіп, жаңаша жұмыс жасауларын қадағалап, бақылауға алу және оны әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарына енгізу қажет. Бөбекжай – әдістемелік жұмыстың орталығы, өйткені педагогтың қалыптасуы, маман ретінде толысуы, шеберлігінің жетілуі күнделікті педагогикалық іс – әрекет үрдісінде ғана жүзеге асады.Әдістемелік бірлестік жұмысын жүйелі жоспар түрінде жүргізіп отырғанда ғана өз нәтижесіне жетері сөзсіз.Ахмет Байтұрсынов: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім»-деген екен.Өркениеттің шынайы белгісі мемлекеттің байлығы мен білімінің деңгейі де, қалалардың үлкендігі мен өнімнің молдығында емес, ол — мемлекеттің тәрбиелеп шығарған азаматы. Заман талап етіп отырған, өмір сүру ортасына икемді де белсенді тұлғаны тәрбиелеу тек өз ісін шын сүйетін педагогтың қолында. Олай болса әр ісімізді сүйіспеншілікпен, қызыға атқаруға тырысайық.

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша бастапқы даму мониторингі

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Балалардың түрлі жас кезеңдерінде даму деңгейін анықтау үшін мониторинг жүргізіледі. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйеніп жасалынды. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы диагностика арқылы іске асырылды. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылды. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік берді. Оқу жылы бойы педагог үнемі бақылау арқылы баланың дамуын қадағалады. Мониторингті жүргізуде «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын» басшылыққа алынды. Мониторинг жүргізу үшін индикаторлар жартыжылдық бойынша білім беру салаларынан күтілетін нәтижелері арқылы оқу жылының басында тәрбиеленушілерден бастапқы диагностика алынды. Нәтижесінде төмен деңгейдегі балалардың үлесі-42,5%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі-54,2%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-9,4%-ды көрсетті.

Ұсыныс: кіші топ балаларымен қосымша жұмыстарды жүргізу, ортаңғы топ балаларымен жекелеме жұмыстарды күшейту, ересек, мектепалды даярлық топтарында қосымша жұмыстарды жандандыру.

Әдістемелік кеңес отырысының Х А Т Т А М А С Ы №2

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері»

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Күні: 09.10.2022 жыл

Қатысқаны:13

Қатыспағаны:-

Күн тәртібінде:

1. «2022-2023 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері» презентация. Әдіскер: Әріпбай Бағлан Өскембайқызы
2. «Балапан» кіші топтарының балаларының балабақшаға бейімделуі.
Педагог-психолог
3. Балабақшада өтетін мерекелік шараларды ұйымдастыру, әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарымен таныстыру. Әдістемелік бірлестік жетекшісі
4. Ағымдағы мәселелер. Әдіскер: Әріпбай Бағлан Өскембайқызы

1. ТЫҢДАЛДЫ: ерте жас және кіші топтардағы балалардың бейімделуі.

СӨЙЛЕДІ: педагог-психолог Сайдуллаева Жаухар кіші жастағы балалармен жұмыс істей отырып, балалар бейімделудің бірінші кезеңінде үйреніп, бейімделу балабақшада 20 күнге дейін созылады, бұл баланың ұйқысы мен тәбеті біртіндеп қалыпқа келгенде, баланың эмоционалдық жағдайы мен қоршаған ортаға деген қызығушылығы қалпына келтіріледі, ересектермен және құрдастарымен өзара қарым-қатынас орнайды. МДҰ-ға түскен кезде барлық балалар бейімделу кезеңі арқылы өтеді. Бейімделу-бұл әртүрлі деңгейде болатын ағзаны бейімдеудің күрделі процесі:

- 1) физиологиялық-бала жиі ауырады;
- 2) психологиялық-бала күлкілі, нашар жейді және ұйықтайды, ол агрессивті немесе басым болу, көп жылау;
- 3) әлеуметтік – бала қоршаған әлемде «жоғалады», дербестік аз болады. Барлық отбасылар үшін бейімделу кезеңі әртүрлі. Ол әртүрлі ұзақтықта болуы мүмкін:

- 1) жеңіл-балаға жаңа жағдайларға бейімделу үшін бір ай қажет;
- 2) орташа – бала екі айда бейімделеді;
- 3) ауыр – бала үш айда бейімделеді;
- 4) өте ауыр-жарты жыл және одан көп.

Бейімделу кезеңінің ағымына байланысты факторлар: жасы, денсаулық жағдайы, ойнай білу, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасай білу, балабақша мен үйде бірдей режим.

МДҰ жағдайларына ауыр бейімделу себептері:

өзіне қызмет көрсету білмеу, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас тәжірибесінің болмауы, өзінің ойыншықтарымен алмасуы, зиянды әдеттердің болуы, МДҰ мен отбасының әртүрлі режимі.

Ертегі немесе ойынды көмекке шақырыңыз-бұл көбінесе нашар бейімделуге көмектеседі. Сіз «Батыр балабақшаға қалай барды?» деген ертегі ойлап таба аласыз. Оған қалай ұнады, алдымен көңілсіз және сәл қорқынышты болды, бірақ ол балалармен және тәрбиешімен дос болды. Бұл ертегіні ойыншықтармен ойнай аласыз және онда негізгі мәселе-ананың балаға оралуы. Ешқандай жағдайда әңгімелерді үзбеңіз. Ең көп жағдайда ата-ана мен бала таңертең ажырасқан кезде.

Міне, бірнеше кеңестер.

- Үйде де, балабақшада да баламен сенімді сөйлесіңіз. Тыныш.

- Мейлі, баланы тез ажырасып қалатын ата-анасы немесе туысы алып келсін.

- Міндетті түрде қашан келетінін айтыңыз.

Ата-анаға демалыс күндері балалармен едендік ойындарды ойнауды ұсыну керек. Мысалы. «Үйден балабақшаға жол», «Біздің үйіміз», «Анамның жұмыс орны», «Әкемнің жұмыс орны», «Дүкен», «Балабақша».

Ата – аналардың осы кезеңдегі міндеті-тыныш, шыдамды, мұқият және қамқор болу. Біз Сіздермен бірге баланың дағдылану табыстылығына әсер ететін факторларды қарастырамыз. Факторлардың бірінші тобы баланың физикалық жағдайына байланысты. Дені сау, дене бітімі дамыған бала бейімделудің ең жақсы мүмкіндіктеріне ие, қиындықтарды жеңе алады. Бірақ тез шаршайтын, соматикалық әлсіреген балалар яғни, тәбеті төмен, мұндай балалар үйренуде қиындықтарға тап болады. Егер бала дұрыс режимге үйренбесе, қиындықтар туындауы мүмкін, бала нашар ұйықтайды, ата-аналар баланың режимін сақтамайды, мұның бәрі жүйке жүйесінің сарқылуына әкеледі. Мұндай бала бейімделу кезеңінің қиындықтарын жеңе алмайды, оның стресстік жағдайы туындайды және нәтижесінде бала ауырады. Тағы бір толықтыруда туған-туыстарынан үзілген. Баланың отбасында мектепке дейінгі мекемеге көшуге қаншалықты дайындалғанына және оның бейімделу кезеңін қалай ұйымдастырғанына тәрбиешілер мен ата-аналар бейімделу кезеңінің ағымына және баланың одан әрі дамуына байланысты. Баланың өмір сүру салтының өзгеруі бірінші кезекте баланың эмоционалдық жағдайының бұзылуына әкеледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық күйінде көрінетін жағымды және агрессия түрлерін ашып көрсетіп олармен жұмыс жасау мақсатын алға қойсақ дегім келеді,-деді.

2 ТЫҢДАЛДЫ: Балабақшада өтетін мерекелік шараларды ұйымдастыру, өткізу

СӨЙЛЕДІ: Әдістемелік бірлестік жетекшісі Әріпбай Бағлан Өскембайқызы қыркүйек, қазан айларындағы отбасы күні, қарттар күні және алтын күз мерекесі, сонымен бірге биылғы жылдан бастап Республика күні кең түрде атап өтілетінін, және жоспарларымен таныстырып, мерекеге дайындық жұмыстары бойынша тоқталып өтті. Әрбір мереке балаларға қуаныш сыйлайтынын, сондықтан жан-жақты ойластырылып, өткізу керектігін айтып өтті.

3 ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Әріпбай Бағлан Өскемайқызы алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қыркүйек айында өтетін денсаулық және қарттар күні мерекесіне орай «Балауса» ортаңғы, «Жұлдыз» ересек топтарының ата-аналарымен «Әкем, анам және мен!» тақырыбында ойын сайысының жоспары жасалынып, ұйымдастырылады. Ұйымдастырылып, өткізілуіне спорт нұсқаушысы, музыкалық жетекші мен әдістемелік бірлестік жетекшісі және әдіскер жауапты екендігін айтты. Қазан айында «Алтын күз» және Республика күні мерекесіне музыка жетекшісі мен тәрбиешілер сценарийлерін дайындап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді,-деді.

Шешім:

-мерекеге дайындық жұмыстары күшейтілсін.

-ерте жас және кіші топ балаларының Бейімделуі бақылауға алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Әріпбай Б.Ө

Әріпбай Б.Ө

«2022-2023 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері»

презентация

2022-2023 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Стандарт талаптарына сәйкес, білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын әзірлеу басшылыққа алынады. мектепке дейінгі ұйымдағы жас топтарының күн тәртібін әзірлеу;

2) дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта;

5) әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау;

6) балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы жағдайлар жасау;

7) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру;

8) балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін негіз болып табылады.

2-тарау. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар

1) осы стандартқа;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Білім беру процесінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командалық жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командалық бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын

меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту:

- 1) балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау;
- 2) баланың және айналасындағы адамдардың сезімдерін сөзбен жеткізу;
- 3) өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету;
- 4) балалармен мәнді өзара қарым-қатынас орнату;
- 5) командада жұмыс істеу;
- 6) балалардың түрлі іс-әрекетінде топтағы қарым-қатынасты, бастаманы және дербестікті қолдау;
- 7) балалармен мазмұнды диалог жүргізу;
- 8) еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асырылады.

13. Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

15. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылады.

16. Білім беру бағдарламалары (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде әзірленеді және оларда:

- 1) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған міндеттерге қол жеткізу;
- 2) мектепке дейінгі ұйым таңдаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін мазмұн;
- 3) тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы және үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;
- 4) ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша күтілетін нәтиже;
- 5) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 6) тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қарастырылады.

17. Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

18. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге

қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

22. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады.

23. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады.

4-тарау. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар

24. Жас кезеңдері мынадай:

- 1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар) – 2 жастағы балалар;
- 2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

25. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

26. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл болып табылады. Сонымен қатар, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырып отыру қажет. Көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

«Балапан» кіші тобындағы балалардың бейімделуі

Қазіргі психологиялық - педогогикалық теорияда мектеп жасына дейінгі баланың жағымды эмоцияларын дамыту тек кәсіби мамандыққа ғана байланысты емес ол, тәрбиешінің жеке дербес қасиеттеріне де байланысты деп тұжырымдаған. Мектепке дейінгі ерте жас шамасындағы балаларға ерекше қарым-қатынастар талап етіледі. Олар өте мейірімді, нәзік және сенгіш келеді. Сондықтан бұл жас шамасындағы балдырғандарды қамқорлыққа алу, жүрегін жараламай тәрбиелеу өте маңызды. Топта балаларға жақсы және жайлы болу қажет. Ерте жас шамасындағы сәбиді тәрбиелеуде ешкім де анасын алмастыра алмайтыны туралы ұмытпау керек. Сондықтан, ұстаз-психолог олармен ананың тұлғасындай жұмыс істей білу керек. Мысалы, шығармашылық жұмыстарды сәбимен бірге анасына көрсету үшін істеу, ата-ананың сенімділігін арттыра түсіп балаға, деген анасынан басқа да сүйіспеншіліктерін оятады. Сәбидің эмоционалды көңіл-күйі саласының психологиялық диагностика әдістері өте көп. Бірақ бұл әдістердің барлығын пайдалану мүмкіншілігі бола бермейді. Біріншіден, тәрбиешілер тестеудің нәтижелерін дұрыс түсіндіріп беру үшін жеткілікті психологиялық дайындықта болу қажет. Екіншіден, тәрбиешіге тестің нәтижелері жиі үрейлі немесе қияңқы балалардың тобы көрсеткішінде жеке балаға деген қарым-қатынаста әрекетсіздікке әкеп соғады. 1-ден 3 жасқа дейінгі баланың эмоционалды көңіл-күйін дұрыс дамыту үшін оның жетістігін дәлелдеп, үнемі мадақтау маңызды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың бойында неғұрлым көбірек психологиялық көмек көрсетіп, ойындар ұйымдастыру арқылы олардың сеніміне кіріп кері әсерден арылуға көп мүмкіншілік жасау қажет.

МДҰ-ға түскен кезде барлық балалар бейімделу кезеңі арқылы өтеді. Бейімделу-бұл әртүрлі деңгейде болатын ағзаны бейімдеудің күрделі процесі:

- 1) физиологиялық-бала жиі ауырады;
- 2) психологиялық-бала күлкілі, нашар жейді және ұйықтайды, ол агрессивті немесе басым болу, көп жылау;
- 3) әлеуметтік – бала қоршаған әлемде «жоғалады», дербестік аз болады.

Барлық отбасылар үшін бейімделу кезеңі әртүрлі. Ол әртүрлі ұзақтықта болуы мүмкін:

- 1) жеңіл-балаға жаңа жағдайларға бейімделу үшін бір ай қажет;
- 2) орташа – бала екі айда бейімделеді;
- 3) ауыр – бала үш айда бейімделеді;
- 4) өте ауыр-жарты жыл және одан көп.

Бейімделу кезеңінің ағымына байланысты факторлар: жасы, денсаулық жағдайы, ойнай білу, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасай білу, балабақша мен үйде бірдей режим.

МДҰ жағдайларына ауыр бейімделу себептері:

өзіне қызмет көрсету білмеу, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас тәжірибесінің болмауы, өзінің ойыншықтарымен алмасуы, зиянды әдеттердің болуы, МДҰ мен отбасының әртүрлі режимі.

Ертегі немесе ойынды көмекке шақырыңыз-бұл көбінесе нашар бейімделуге көмектеседі. Сіз «Батыр балабақшаға қалай барды?» деген ертегі ойлап таба аласыз. Оған қалай ұнады, алдымен көңілсіз және сәл қорқынышты болды, бірақ ол балалармен және тәрбиешімен дос болды. Бұл ертегіні ойыншықтармен ойнай аласыз және онда негізгі мәселе-ананың балаға оралуы. Ешқандай жағдайда әңгімелерді үзбеңіз. Ең көп жағдайда ата-ана мен бала таңертең ажырасқан кезде.

Міне, бірнеше кеңестер.

- Үйде де, балабақшада да баламен сенімді сөйлесіңіз. Тыныш.
- Мейлі, баланы тез ажырасып қалатын ата-анасы немесе туысы алып келсін.
- Міндетті түрде қашан келетінін айтыңыз.

Ата-анаға демалыс күндері балалармен едендік ойындарды ойнауды ұсыну керек. Мысалы. «Үйден балабақшаға жол», «Біздің үйіміз», «Анамның жұмыс орны», «Әкемнің жұмыс орны», «Дүкен», «Балабақша».

Ата – аналардың осы кезеңдегі міндеті-тыныш, шыдамды, мұқият және қамқор болу. Біз Сіздермен бірге баланың дағдылану табыстылығына әсер ететін факторларды қарастырамыз. Факторлардың бірінші тобы баланың физикалық жағдайына байланысты. Дені сау, дене бітімі дамыған бала бейімделудің ең жақсы мүмкіндіктеріне ие, қиындықтарды жеңе алады. Бірақ тез шаршайтын, соматикалық әлсіреген балалар яғни, тәбеті төмен, мұндай балалар үйренуде қиындықтарға тап болады. Егер бала дұрыс режимге үйренбесе, қиындықтар туындауы мүмкін, бала нашар ұйықтайды, ата-аналар баланың режимін сақтамайды, мұның бәрі жүйке жүйесінің сарқылуына әкеледі. Мұндай бала бейімделу кезеңінің қиындықтарын жеңе алмайды, оның стресстік жағдайы туындайды және нәтижесінде бала ауырады. Тағы бір толықтыруда туған-туыстарынан үзілген. Баланың отбасында мектепке дейінгі мекемеге көшуге қаншалықты дайындалғанына және оның бейімделу кезеңін қалай ұйымдастырғанына тәрбиешілер мен ата-аналар бейімделу кезеңінің ағымына және баланың одан әрі дамуына байланысты. Баланың өмір сүру салтының өзгеруі бірінші кезекте баланың эмоционалдық жағдайының бұзылуына әкеледі. Бейімделу кезеңіне тән: эмоциялық шиеленіс, мазасыздық немесе тежелу. Бала көп жылайды, ол ересектермен қарым-қатынас жасауға тырысады немесе керісінше, ашуланған олардан бас тартады, құрдастары тарайды. Кейде ата-аналар баланың қатты өзгеретіні, балалардың пәндік әлемге белсенділігі өзгеретіні, ойыншықтардың қуантпайтыны, қоршаған ортаға деген қызығушылығының төмендегені, сөйлеу белсенділігінің деңгейі төмендегені және де жаңа сөздер үлкен қиындықпен игерілетіндігі таң қалдырады. Осының барлығы, баланың көптеген балалардың айналасына

түсетіндігімен және әрине, бөтен вирусты флорамен жұқтыру қаупіне ұшырауымен түсіндіріледі, мұның бәрі ағзаның реактивтілігін бұзады және нәтижесінде ауруларға ұшырайды.

Ерте жастағы балалармен жұмыс істей отырып, балалар бейімделудің бірінші кезеңінде үйреніп, оны «жеңіл» деп те атайды және ол балабақшада 20 күнге дейін созылады, бұл баланың ұйқысы мен тәбеті біртіндеп қалыпқа келгенде, баланың эмоционалдық жағдайы мен қоршаған ортаға деген қызығушылығы қалпына келтіріледі, ересектермен және құрдастарымен өзара қарым-қатынас орнайды. Бала ересектерге өтініш жасайды. Жақын адамдармен қарым-қатынас бұзылмайды, бала белсенді, бірақ қозғалмайды. Ағзаның қорғаныс күштерінің төмендеуі шамалы байқалады және 2-3 аптаның соңына қарай олар қалпына келтіріледі. Бірақ бейімделудің екінші кезеңі де бар, ол "орташа" деп аталады, бала 2 ай үйреніп, көңіл-күй жиі өзгеріп тұрады, бала өте қатты жылайды, көп жүреді. Бала ойыншықтарға қызығушылық танытпайды, бас тартады, тәрбиешімен бірге жұмыс істеуден бас тартады, бірақ мұның бәрі өтіп кетеді және бала екі айдан кейін өзін сенімді сезінеді.

Әрине, үшінші бейімделу кезеңі бар және ата-аналардың да, тәрбиешілердің да ерекше алаңдаушылық тудырады. Бала жиі ауырады, балабақшаға жиі қатыспайды, үнемі жылайды, кейде бұл "балабақша баласы емес" деген сияқты баланың барлық даму қарқыны барлық бағыттар бойынша баяулайды. Баланың бейімделу кезеңін қиындататын тағы бір маңызды факторға назар аудару керек. Мұндай фактор ата-аналардың, әсіресе аналардың психологиялық ерекшеліктерімен байланысты. Егер анасы өте мазасыз болса, балаға тым қамқор болса, онда бұл баланың бейімделуі бойынша қиындықтар туындауы мүмкін, егер анасы даулы сипатқа ие болса, бұл баланың бейімделуі қиын болуы мүмкін. Бала балабақшаға келгенге дейін ата-аналар алдын ала келіп, топ тәрбиешісімен, топ режимімен танысуы тиіс, себебі олардың баласы күннің көп бөлігінде тәрбиешімен болады. Егер сіз баланы алдын ала тәрбиешімен таныстырсаңыз және баланы балабақшаға балалар ойнаған кездеалып келсеңіз, бала жаңа жағдаймен, ойыншықтармен танысады. Ең бастысы, баланы жаңа жағдайға қызықтыру, оның алдында балабақшаға келіп, бейтаныс ересектер мен балалар алдында қорқыныш тудырмау. Баланың көңіл-күйі мен эмоционалдық жағдайы қалыпқа келген кезде, тәрбиеші үшін әрқашан ең маңызды, бала тәрбиешіге және басқа да балаларға өздерінің тілектестігін көрсетеді. Бұл біздің жетістігіміз және ата-аналармен бірлескен ынтымақтастық жұмысымыз болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық күйінде көрінетін жағымды және агрессия түрлерін ашып көрсетіп олармен жұмыс жасау мақсатын алға қойсақ дегім келеді.

**ЖШС «Ырыс-7» балабақшасы
№ 3 Әдістемелік кеңес**

Өткізілген уақыты: 17 Наурыз 2023 жыл

Тақырыбы: Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру

:

Барлық педагогтар саны: 13

Қатысқан педагогтар саны: 13

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 әдістемелік кеңестің орындалуы
 2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама
 3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес)
 4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі
- КЕЛЕСІ КЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:** «Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу»

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі №2 кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалғанын, сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тауып жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:

1. №3 кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, тәрбиеші «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Онда мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативті құзыреті және оның құрылымы үш компоненттен (мотивациялық-жеке, мінез-құлық және танымдық элемент) тұратынын атап, оларға жеке тоқталды. Мектеп жасына дейінгі

балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру балаға айналадағы адамдарды түсіну, ересектермен айқын тілде сөйлесу, жағдайға лайықты түрде сезім мен эмоцияларды білдіріп, сұрақтар қоюға, ауызша және ауызша емес қарым-қатынас жолдарын пайдалануға мүмкіндік беретінін айтты. Ол үшін, оқу үдерісінде балалармен қарым-қатынас жасағанда, біз белгілі бір ережелерді сақтауы керек. Мәселен, әрбір баламен жеке байланыс орнатылуы тиіс, сіз баланың көз деңгейінде сөйлесу керексіз, баланың ойын соңына дейін тыңдаған жөн т.б.

ШЕШІМІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізілсін.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдікері «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» тақырыбында кеңес берді. Балалардың әлеуметтік-жеке-тұлғалық дамуы – мектепке дейінгі білім беру үрдісі бағыттарының негізгілерінің бірі болып, адамгершілік және эстетикалық құндылықтармен тығыз байланыста екенін де атап көрсетуге болатынын айтты. «Ойын қызметін ұйымдастыруда әр балаға жеке тұлғалық қатынас баланың тұлғалық дамуында маңызды мағынаға ие. Осыны жақсы түсіне біліп, ойынды ұйымдастырғанда ұялшақ, өте белсенді, физикалық немесе психикалық дамуы тежеулі, ашуланшақ, ұрыншақ, ешкіммен араласа қоймайтын балалардың әрқайсысының жеке қасиеттерін ескере ұйымдастырған жөн» - деп кеңес берді

ШЕШІМІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игерту қолға алынсын.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері ----- аралық мониторинг нәтижесін диаграмма арқылы көрсетті. Мониторинг баланың жетістіктерін қадағалау, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру және баланың Үлгілік бағдарларма мазмұнын игеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетінін айтты. Соның негізінде, аралық мониторинг 2023 жылдың қаңтар айында 4 топта жүргізілгенін айтты. Оның ішінде 1 кіші топ, 1 ортаңғы топ, 1 ересек топ, 1 мектепалды даярлық тобы. Барлық топ бойынша бала саны - 80.

Бұл көрсеткіштер әр жас ерекшелік бойынша салыстырмалы түрде көрсетілді және анықтамасы тәрбиешілер тарапынан да, әдіскер тарапынан да айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтар аралық мониторинг нәтижесіне сәйкес балаларды тәрбиелеу және дамыту тәсілдерімен қамтамасыз етіп, түзету іс-шаралары жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Әріпбай Б.Ө



Хатшы:

Әріпбай Б.Ө